

Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы декларация

Декларация 2000 жылғы 5 сәуір Иерусалим

Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті, егеменді теңдік, ішкі істерге араласпау және халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу принциптеріне сәйкес өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту қажеттілігіне көміл сенім білдіре отырып,

Қазақстан Республикасы мен Израиль Мемлекеті арасындағы Өзара қарым-қатынастың негіздері туралы 1995 жылғы 27 желтоқсандағы декларацияның ережелерін басшылыққа ала отырып,

БҰҰ жарғысының мақсаттары мен принциптеріне өздерінің адалдықтарын қуаттай отырып, ғаламдық және аймақтық проблемалар жөнінде пікір алмасудың маңыздылығын атап көрсете отырып,

екі ел басшылығының арасындағы өзара түсіністік пен қолдаудың жоғары деңгейін қанағаттанғандықпен атап өтіп,

сауда, инвестиция салаларындағы және басқа экономикалық бағыттардағы ынтымақтастықты кеңейтуге екі жақты мұдделілік білдіре отырып,

Тараптар арасындағы қазіргі достық қарым-қатынастар мен өзара сенімді екі елдің игіліктері жолындағы өзара іс-қимылдың жаңа, неғұрлым жоғары деңгейіне көтеруге үмтіла отырып,

екі мемлекеттің сыртқы істер министрліктері арасындағы Консультациялар туралы хаттамаға жүгіне отырып,

төмендегілер туралы мәлімдейді:

1. Қазақстан мен Израиль халықаралық өмірдің барлық салаларында екі жақты өзара іс-қимылды жандандыру мақсатында түрлі деңгейлердегі саяси диалогты одан әрі кеңейтудің маңыздылығы туралы келісті.

2. Қазақстан мен Израиль Таяу Шығыстағы және бүкіл әлемдегі шиеленісті басуға және бейбітшілікті, тұрақтылықты, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бірлесе отырып қол жеткізіп, сыртқы саясат саласында тығыз ынтымақтасуға ниет білдірді және Азиялық қауіпсіздік жөніндегі екі жақты және көп жақты консультацияларға қатысады ние теніп отыр.

3. Қазақстан мен Израиль демократияны, парламентаризмді және өзара түсіністікі нығайтуға жәрдемдесетін олардың арасындағы Достық пен ынтымақтастық жөніндегі парламенттік комиссиялардың қызметін қанағаттанғандықпен атап өтеді.

4. Қазақстан мен Израиль халықаралық терроризмге, ұйымдастыранылған қылмысқа және

құқыққа қарсы қызметтің басқа да нысандарына қарсы күрестің маңыздылығын атап
көрсетеді.

5. Қазақстан мен Израиль екі елдің сыртқы істер министрліктері арасында, сондай-ақ халықаралық үйымдар мен форумдардың шеңберінде консультациялар өткізуге және осы заманғы халықаралық қатынастардың көкейкесті проблемалары бойынша ұстанған бағыттарды үйлестіруге ниеттеніп отыр.

6. Қазақстан мен Израиль күш қолдануды және күш қолдану қаупін төндіруді сыртқы саясатта қолайсыз деп қарайды. Олар мемлекеттердің құқықтарын сақтау мен егемендігін сыйлау арқылы прогрессе қол жеткізуге болатындығына сенімді. Інтымақтастық тенденкке негізделуі тиіс және адамның бостандық пен тәуелсіздікке негізгі құқығын қамтамасыз ету арқылы бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталуы тиіс.

7. Қазақстан мен Израиль екі елдің экономикалық субъектілері арасындағы байланыстарды кеңейтуге және ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика және технология сияқты салалардағы өзара тиімді іскерлік жобаларды дамытуға өзара нысаналы екендіктерін мәлімдейді.

Осыған байланысты 1992 жылғы 7 қыркүйекте құрылған Сауда-экономикалық байланыстар жөніндегі қазақстан-израиль үкіметаралық комиссиясының ұсынысын жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтеді.

8. Қазақстан Республикасының мұнайының және басқа да ресурстарының әлемдік рыноктарға тұрақты өсіп келе жатқан ықпалын тани отырып, Қазақстан мен Израиль Қазақстанның мұнай және басқа да ресурстарын пайдаланудағы өзара ынтымақтастықтың маңыздылығын атап көрсетеді.

9. Қазақстан мен Израиль алдағы уақытта Қазақстан Республикасының Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымына енуінің маңыздылығын атап өтеді.

Израиль тарабы қазіргі кезде экономиканы реформалау мен қайта құрылымдау процесін басынан кешіріп отырған Қазақстандағы экономикалық жағдайдың курделілігін Қазақстанның Бүкілдүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі мәселесі жөніндегі келіссөздер барысында ескеруге келісті.

10. Қазақстан мен Израиль екі ел арасында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат алмасудың, білім беру, мәдениет, туризм және спорт саласында ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығын атап көрсетеді, сондай-ақ аймақтар мен қалалар деңгейінде тікелей байланыстар орнықтыруды қолдайды.

11. Қазақстан мен Израиль Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің Алматы қаласында 1999 жылғы 14 қыркүйекте өткізілген кездесуінің маңыздылығын атап көрсетеді және осы кездесу барысында талқыланған мәселелерге қозғау салып отыратын болады.

Иерусалимде 5760 жылғы 29 Адарға сәйкес келетін 2000 жылғы 5 сәуірде қазақ,

иврит, ағылшын және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіннің күші бірдей. Түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін негізгі болып табылады.

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК